



Шағын орталық тобына дайындалуға ұсыныс

Педагог-психолог: Ержанова Г..

- **Балалардың жаңа жағдайларға бейімделу ерекшеліктері**

- Әр баланың бейімделуі әртүрлі болады. Ол баланың жасына да, оның мінезіне де байланысты, кейбір балалар асығып-аптығып, қуанышын жасыра алмай келсе, екіншілері жаңа жағдайдан үрейленіп, ересек адамға қарай тығылып, жаңа әсерлерден жасқанып қалады. Енді бірі заттарға қол тигізуге батылы бармай, көзімен шолады. Ересек адамның қолынан әлдебір зат алса, бауырына басады немесе жоғалтып аламын деп қорқып, қасынан тастамайды.



Жалпы, бейімделу жеңілірек болады, егер ата-анасы алдын ала балаға айтып, қызықтырса

□ Бала алдын–ала бақшаға дайын болса. Бақша не екенін, онда болатын күн тәртіп туралы білсе.

□ Өзін - өзі қамту дағдыларын игерсе. Ең басты, қарапайым дағдылар: жеңіл желпі киімдерін кие алса, горшокқа сұрануы, өз бетімен тамақ іше алуы.

□ Баланың үйдегі күн тәртібі бақшадағы күн тәртіпке ұқсас болса. Күн тәртібі бұрыннан қалыптасқан болса немесе алдын-ала сәйкестірілсе. Бақшаның күн тәртібін демалыс күндері де сақтаса. Таңертен жеңіл тұру үшін ертерек жатқызса.

□ Үйде ішетін тамағы бақшада беретін тамаққа ұқсастау болса. Бала бақшада таныс тамақ көрсе, тезірек тамақ іше бастайды.

Бейімделу кезеңінде баланың іс-қимылында, эмоцияларында өзгерістер болуы мүмкін:

Эмоция жағына келсек, бірінші күндері негативті эмоциялар басым болады. Мысалы: жылау, қорқыныштың пайда болуы (анасы келмей қалама деп қорқады). Бала балабақшаға бейімделе келе бұның бәрі кетеді. Басында қарым-қатынасқа түспеуі мүмкін. Біртіндеп бала тәрбиешіге, балаларға үйреніп бірге ойыншық ойнап, топ ішімен таныса бастайды. Балалардың балабақшаға бейімделуіне бақылау балалар жаңадан қабылданған уақытта және қазан айының соңына дейін бақылау жүргізіледі. Балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2сағатқа қалып жүрді, балабақша өміріне бейімделу процессі әртүрлі болды, балалар өте жеңіл және орта, ауыр бейімделгендері де болды. Ауыр бейімделген балалардың ата аналарына жеке кеңес ретінде, психологиялық көмек көрсетілді.

Бейімделудің «жеңіл түрі» кезінде
баланың мінез құлқы 10-15 күнде
қалпыныа келіп, балабақшаға үйренеді;
Орташа бейімделу- 1айдың ішінде;
Ауыр бейімделуі-2 айдан 6 айға дейін
өтеді;

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қыйын бейімделеді, өйткені ата анасының қобалжуын көріп ,баланың қорқынышы ұлғая түседі.Осы кезде ата аналары балаларына көмек беруі керек.

Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады.

Баланың балабақшаға қыйын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен;
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен;
- Кейбір тағамдар жеу дағдысы жоқ,мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тағамдарды шайнап үйренбегендіктен;
- Нәрестелердің арнайы ыдыстарынан арыла алмауынан;
- Омыраудан шықпаған;
- осындай салдардан баланың балабақшаға бейімделуі қиынға соғады.



*Назарларыңызға
рахмет!*

*Жаңа оқу жылында табыс
тілейміз!*

